

Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы Заң

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 30 маусымдағы № 213-V ҚРЗ

Осы Заң мемлекеттің мүлікті, оның ішінде бұрын жариялы экономикалық айналымнан шығарылған ақшаны жария ету жөніндегі біржолғы акция өткізуіне байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдардың табыстары мен мүлкін декларациялауға көшуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) мүлікті жария еткені үшін алым – осы Заңда белгіленген, мүлікті жария етуді өткізгені үшін бюджетке төленетін міндетті, қайтарылмайтын төлем;
- 2) мүлікті жария ету – табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиісті емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтарды мемлекеттің тану рәсімі;
- 3) мүлікті жария етуді өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жергілікті атқарушы органдар жанынан құрылатын және мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерінен тұратын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған мүлікті (ақшаны қоспағанда) жария ету туралы не жария етуден бас тарту туралы шешім шығаруға уәкілетті комиссия;
- 4) мүлікті жария ету субъектілері (бұдан әрі – жария ету субъектілері) – мүлкін осы Заңда белгіленген тәртіппен жария ететін Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдар;
- 5) тиісті емес тұлға (бұдан әрі – басқа тұлға) – алған табыстарын жасыру мақсатында жария ету субъектісінің табыстарына сатып алынған мүліктің меншік иесі ретінде әрекет еткен тұлға.

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заңның күші 2014 жылғы 1 қыркүйекке дейін өздеріне тиесілі болған және өздері алған мүлікті жария ететін және жария еткен жария ету субъектілеріне қолданылады.

2. Осы Заңның күші осы Заңды қолданысқа енгізу күніне өздеріне қатысты:

- 1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190, 191, 193 (осы тармақшада көрсетілген, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің баптарында көзделген қылмыстарды жасау арқылы сатып алынған мүлікті жария еткен жағдайда), 208, 213, 215, 216, 216-1, 217, 218, 221, 222-баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін оларды кінәлі деп таныған соттың үкімі;
- 2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 118, 143, 143-2, 155, 155-1, 155-3, 155-4, 155-5, 156, 157, 166,

168-1, 178, 185, 187, 205-1, 205-2, 206, 206-1, 206-2, 207, 208, 208-1, 209, 214, 237, 239, 357-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін әкімшілік жаза қолдану туралы судьяның, органның (лауазымды адамның) қаулысы заңды күшіне енген жария ету субъектілеріне қолданылмайды.

3-бап. Мүлікті жария ету ерекшеліктері

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, мынадай мүлік:

1) ақша;
2) бағалы қағаздар;
3) заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі (бұдан әрі – қатысу үлесі);

4) оған құқық немесе ол бойынша мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын, басқа адамға ресімделген жылжымайтын мүлік (ғарыш объектілерінен және магистральдық құбырлардың желілік бөлігінен басқа);

5) құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақ өздері орналасқан, жария ету субъектісіне меншік құқығында тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар);

6) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлік жария етуге жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген:

1) жеке адамға, отбасына және кәмелетке толмағандарға, адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына, бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне, мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздері мен қауіпсіздігіне, меншікке, ақпараттық технологиялар қауіпсіздігіне, коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және имандылыққа, басқару тәртібіне, сот төрелігіне және жазаларды орындау тәртібіне қарсы қылмыстарды жасау;

2) экологиялық, көліктік, әскери қылмыстарды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды, сондай-ақ мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстарды, экономикалық қызмет (осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілгендерді қоспағанда), оның ішінде экономикалық контрабанда саласындағы қылмыстарды жасау;

3) жалған ақша мен бағалы қағаздар жасау және өткізу, жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу;

4) инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау нәтижесінде алынған мүлік жария етуге жатпайды.

3. Сонымен қатар:

1) сот тәртібімен оған құқықтар дауланып жатқан;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында оған құқықтар беруге жол берілмейтін мүлік;

3) кредиттер ретінде алынған ақша;

4) мемлекет пайдасына берілуге жататын мүлік;

5) «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы № 1039 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру шеңберінде құрылысы бюджет қаражаты есебінен аяқталған

жылжымайтын мүлік объектілеріндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар жария етуге жатпайды.

4. Осы Заңның мақсаты үшін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлік болып айқындалатын мүлікке ұқсас мүлік Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлік болып танылады.

4-бап. Мүлікті жария ету мерзімі

Мүлікті жария ету мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйектен басталады және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады.

Мүлікті (ақшадан басқа) жария етуге ұсыну үшін құжаттарды тапсыру мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйектен басталады және 2015 жылғы 30 қарашада аяқталады.

5-бап. Жария етуге ұсынылған және жария етілген мүлік туралы ақпарат

1. Мемлекеттік органдар, ұйымдар және олардың лауазымды адамдары мен қызметкерлері мүлікті жария етуді өткізу процесінде алынған ақпараттың құпиялылығын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қамтамасыз етуге, оның ішінде жария ету субъектісінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз ақпаратты таратуға жол бермеуге міндетті.

2. Осы Заңның 2-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңның жария етілген мүлік бөлігіндегі мақсаттары үшін осы Заңға сәйкес мүлікті жария етуді өткізу процесінде алынған ақпарат негізінде, жария ету субъектісіне қатысты процестік әрекеттерді, оның ішінде қылмыстық қудалауды жүзеге асыру немесе әкімшілік және тәртіптік жазалау шараларын қолдану жөніндегі процестік әрекеттерді жүргізуге тыйым салынады.

6-бап. Мүлікті жария еткені үшін алым

1. Мүлікті жария еткені үшін алым (бұдан әрі – алым):

1) осы Заңның 8-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда – ақшаны;

2) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлікті немесе эмитенттері шет мемлекетте тіркелген бағалы қағаздарды немесе шет мемлекетте тіркелген заңды тұлғалардағы қатысу үлестерін (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған мүлік) жария еткен кезде өндіріліп алынады.

2. Алым:

1) осы Заңның 8-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жинақ шотынан алынған немесе басқа шотқа аударылған ақша сомасының;

2) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған мүліктің сатып алу құнының немесе бағалау құнының он пайызы мөлшерінде төленеді.

Осы тармақшада көрсетілген мүлік бойынша алым мүлікті жария етуге құжаттарды тапсырғанға дейін төленеді.

3. Осы Заңның 7-бабының 5 және 9-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, төленген алымды қайтару жүргізілмейді.

Бұл ретте қайтару Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіппен жария ету субъектісінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

7-бап. Мүлікті (ақшадан басқа) жария етуді ұйымдастыру және өткізу тәртібі жөніндегі жалпы ережелер

1. Мүлікті (ақшадан басқа) жария ету комиссияға, мемлекеттік кіріс органына жария ету субъектілерінің мынадай құжаттарды:

1) осы Заңға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада мүлікті жария етуді өткізуге арналған өтінішті (бұдан әрі – өтініш);

2) өтінішті берген кезде түпнұсқасын көрсету арқылы жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) осы Заңда көзделген жағдайларда өзге де құжаттарды тапсыруы арқылы өткізіледі.

2. Жария ету субъектілері осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған мүлік бойынша (ақшадан басқа) – жария ету субъектісінің тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына;

2) Қазақстан Республикасының аумағында тұрған мүлік бойынша (ақшадан басқа) – мұндай мүліктің тұрған жері бойынша комиссияға өтініш тапсырылатын жылжымайтын мүлікті жария ету жағдайларын қоспағанда, жария ету субъектісінің тұрғылықты жері бойынша комиссияға ұсынады.

3. Шетел тілінде ресімделген құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылуға тиіс.

4. Жария ету субъектілері, осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мүлікті жария ету мерзімі ішінде сол бір мүлікті жария етуге қайтадан өтініш беруге құқылы емес.

5. Мүлікті (ақшадан басқа) жария етуге ұсынылған құжаттар себептері көрсетіле отырып, мынадай:

1) осы Заңда белгіленген құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған;

2) ұсынылған құжаттарда өшіріп тазалау мен түзетулер болған;

3) ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының осындай құжаттарға қойылатын талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда қайтарылуға жатады.

Мүлікті жария етуге ұсынылған құжаттарды қайтаруға негіз болған себептерді жойған кезде адам осы Заңда белгіленген мүлікті жария ету мерзімі ішінде қайтадан өтініш беруге құқылы.

6. Өтінішті комиссия, мемлекеттік кіріс органы өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

7. Мүлікті (ақшадан басқа) жария етуді өткізуді ұйымдастыру қағидаларын, жария етілген мүліктің тізілімін жүргізу тәртібі мен нысанын, комиссия туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

8. Осы Заңда белгіленген талаптар сақталған жағдайда, комиссия, мемлекеттік кіріс органы осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзімде:

1) мүлікті (ақшадан басқа) жария ету туралы шешім шығарады;

2) жария ету субъектісіне мүлікті (ақшадан басқа) жария ету туралы шешімді береді;

3) жария етілген мүліктің тізіліміне мәліметтерді енгізеді.

9. Комиссия, мемлекеттік кіріс органы мүлікті жария етуден бас тартуды осы Заңның 2 немесе 3-баптарында көзделген талаптар сақталмаған кезде шешім қабылдау арқылы жүзеге асырады.

10. Мүлік (ақшадан басқа) комиссия, мемлекеттік кіріс органы жария ету туралы шешім шығарған күннен бастап жария етілді деп есептеледі.

11. Мемлекеттік тіркелуге жататын мүлік жария етілген жағдайда, мемлекеттік органдар мен ұйымдар жария ету субъектісінің өтініші негізінде

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарды ресімдейді.

12. Жария етілетін мүлік жөнінде ұсынылатын мәліметтердің толықтығы мен анықтығы үшін жария ету субъектілері жауапты болады.

Жария етілген мүлікті ресімдеуге байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық шығысты жария ету субъектілері дербес төлейді.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Ақшаны жария етуді ұйымдастыру және өткізу тәртібі жөніндегі жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұрған осындай банктердің филиалдарын қоспағанда, Ұлттық пошта операторы ақшаны жария ету мақсатында жария ету субъектісінің өтініші негізінде жеке жинақ шотын (бұдан әрі – жинақ шоты) ашады.

2. Ақша мынадай шарттардың жиынтығы сақталған:

- 1) ұлттық және (немесе) шетел валютасында жария етілетін ақша жария ету мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде, Ұлттық пошта операторында ашылған жинақ шотына салынуға (аударылуға) тиіс;
- 2) егер осы баптың 3-тармағында өзгеше белгіленбесе, жария етілетін ақша жария ету мақсатында осындай шотқа ақшаны салған (аударған) күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс ай жинақ шотында жатуға тиіс болатын кезде жария етуге жатады.

Бұл ретте шетел валютасының тізбесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайды.

3. Жария ету субъектісі осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мерзім аяқталғанға дейін:

1) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына («Халықтық IPO») шығару бағдарламасы шеңберіндегі, сондай-ақ:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын;

Қазақстан Республикасының ұлттық басқарушы холдингтерінің, ұлттық компанияларының, ұлттық даму институттарының, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигацияларын;

қазақстандық қор биржасында орналастырылатын өзге де бағалы қағаздарды алғашқы орналастыру шеңберіндегі акцияларды қоса алғанда, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының тобы ұйымдарының жекешелендіру объектілерін, активтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен сатып алу арқылы Қазақстан Республикасының экономикасына инвестицияланған;

2) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері, Ұлттық пошта операторы осындай сомадан алымды акцептісіз алып қою жағдайы кезінде жинақ шотынан алынған немесе басқа шотқа аударылған ақша сомасының шегінде жария етілетін ақшаға билік етуге құқылы.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі, Ұлттық пошта операторы алымды акцептісіз алып қойған күннен бастап оны келесі операциялық күннен кешіктірмей бюджетке аударуға міндетті.

4. Жинақ шотына салынған (аударылған), жария етілген ақшаның сақталуы Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасымен реттеледі.

5. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Ұлттық пошта операторының жинақ шоттарын ашу және жүргізу ерекшеліктерін, жинақ шотына ақшаның салынғанын (аударылғанын) растайтын құжатты жария ету субъектілеріне беру, сондай-ақ жинақ шоттарындағы ақшаның есепке алынуын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайды.

6. Ақша жинақ шотына салынған (аударылған) күнінен бастап жария етілді деп есептеледі.

Жинақ шотына жария етілетін ақша салынған (аударылған) кезде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі, Ұлттық пошта операторы жария ету субъектісіне осы Заңға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салынған (аударылған) ақша сомасының мөлшерін растайтын анықтама береді.

7. Осы Заңға сәйкес жария етілген ақша сомасы жария ету субъектісінің табысы ретінде танылмайды.

9-бап. Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған мүлікті жария ету

Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған мүлікті жария ететін жария ету субъектілері мемлекеттік кіріс органына осы Заңның 7-бабының 1-тармағында айқындалған құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлік және шет мемлекетте тіркелген заңды тұлғалардағы қатысу үлесі бойынша – осындай мүлікке құқық белгілейтін құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін;

2) эмитенттері шет мемлекетте тіркелген бағалы қағаздар бойынша – бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алудың тиісті жүйесіндегі жеке шоттан үзінді көшірмені не резиденті бағалы қағаздардың эмитенті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген, осы бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын өзге де құжатты;

3) мүліктің сатып алу құнын немесе бағалау құнын растайтын құжатты ұсынады.

Бұл ретте, егер мүліктің құны шетел валютасында көрсетілсе, онда мұндай құн Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен, өтініш берілген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша қайта есептеледі;

4) алымды төлегенін растайтын құжатты ұсынады.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Басқа тұлғаға ресімделген мүлікті жария ету

1. Басқа тұлғаға ресімделген мүлікті жария ететін жария ету субъектілері осы Заңның 7-бабының 1-тармағында айқындалған құжаттар тізбесіне қосымша комиссияға мынадай құжаттарды:

1) мүлікке меншік құқығын белгілейтін құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін;

2) басқа тұлғаның жария ету субъектісіне мүлікті өтеусіз бергені туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесін;

3) бағалы қағаздар бойынша – бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алудың тиісті жүйесіндегі жеке шоттан үзінді көшірмені не резиденті бағалы қағаздардың эмитенті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген, осы бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын өзге де құжатты;

4) қатысу үлесі бойынша – заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін, заңды тұлғаның мөрімен бекемделген мемлекеттік қайта тіркеу туралы заңды тұлға органының шешімін не шешімінен үзінді көшірмені ұсынады.

2. Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған осы баптың 1-тармағында көрсетілген мүлікті жария ететін жария ету субъектілері мемлекеттік кіріс органына осы Заңның 7-бабының 1-тармағында және осы баптың 1-тармағында айқындалған құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттарды:

- 1) мүліктің бағалау құнын растайтын құжатты;
- 2) алымды төлегенін растайтын құжатты ұсынады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған жылжымайтын мүлікті жария ету

1. Құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған жылжымайтын мүлікті жария ететін жария ету субъектілері комиссияға осы Заңның 7-бабының 1-тармағында айқындалған құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттарды:

1) ғимараттар мен құрылыстарды объектінің құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкестігіне техникалық тексеруді жүзеге асыратын аттестатталған сарапшының қорытындысын;

- 2) жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортын ұсынады.

2. Комиссия жария етілген жылжымайтын мүлік, жария ету субъектісі туралы ақпаратты жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдарға береді.

12-бап. Осы Заңға сәйкес жария етілген жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға қабылдаудың ерекшеліктері

Осы Заңға сәйкес жария етілген жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға қабылдауды ұйымдастыру мен жүргізудің ерекше тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

13-бап. Мүлкін жария еткен жария ету субъектілерін жауаптылықтан босату

1. Қылмыстық және әкімшілік жауаптылықтан босату бөлігінде рақымшылық жасаудың күші осы Заң қолданысқа енгізілген күнге дейін жасалған мынадай:

1) сыбайлас жемқорлық қылмыстарды не ұйымдасқан топ және (немесе) қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым), трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасаған қылмыстарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 (тыйым салынған қызмет түрлерінен басқа), 191, 193 (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарында көзделген, осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қылмыстарды жасау арқылы алынған ақша қаражатын немесе мүлікті жария еткен жағдайда), 208, 213, 215, 216, 216-1, 217, 218, 221 және 222-баптарында көзделген қылмыстардың;

2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 143, 143-2, 155, 155-1, 155-3, 155-4, 155-5, 156, 157, 166, 168-

1, 178, 185, 187, 205-1, 205-2, 206, 206-1, 206-2, 207, 208, 208-1, 209, 214, 357-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтардың белгілері бойынша іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде алынған мүлікті жария еткен жария ету субъектілеріне қолданылады.

2. Рақымшылық жасаудың күші мемлекеттік лауазым атқаратын, мүлкін жария еткен жария ету субъектілеріне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабында көзделген декларациялар мен мәліметтерді ұсынбауы немесе толық, анық ұсынбағаны үшін тәртіптік жауаптылықтан босату бөлігінде, осы Заң қолданысқа енгізілген күнге дейінгі кезеңдерге қолданылады.

3. Осы баптың қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылықтан босату бөлігіндегі ережелері жария етілген мүліктің шегінде жасалған іс-әрекеттерге қолданылады.

14-бап. Қылмыстық істерді қозғаудан бас тарту, қылмыстық істерді және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді тоқтату

1. Мүлкін жария еткен жария ету субъектілеріне қатысты осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қылмыстар бойынша қылмыстық істер қозғалмайды, ал қозғалған қылмыстық істер Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген тәртіппен тоқтатылуға жатады.

2. Мүлкін жария еткен жария ету субъектілеріне қатысты осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер қозғалмайды.

Осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша соттар не уәкілетті орган қарамаған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен тоқтатылуға жатады.

15-бап. Осы Заңда белгіленген талаптарды бұзғаны үшін жауаптылық

Осы Заңда белгіленген талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

16-бап. Комиссия қабылдаған шешімдерге қатысты құқық мирасқорлығы және өкілдік

Комиссияның мүдделерін, оның ішінде комиссия қызметінің тоқтатылған кезінен бастап мүдделерін білдіруді жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

Құқық мирасқорына мүлікті жария ету не жария етуден бас тарту туралы комиссия шешім шығарған мүлікке қатысты талапкер немесе жауапкер болу өкілеттіктері ауысады.

17-бап. Шағым жасау тәртібі

Комиссияның, мемлекеттік кіріс органының шешімдеріне, сондай-ақ мүлікті жария етуді өткізу кезіндегі өзге де әрекеттерге (әрекетсіздікке) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев.

«Қазақстан Республикасының азаматтарына,
оралмандарға және Қазақстан Республикасында
тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың
мүлікті жария етуіне байланысты
рақымшылық жасау туралы» Қазақстан
Республикасының 2014 жылғы 30 маусымдағы
№ 213-V Заңына 1-қосымша

_____ (өтініш берілетін орган)

Мүлікті жария етуді өткізуге арналған
ӨТІНІШ
(екі данада толтырылады)

Т.А.Ә. _____

ЖСН _____

Тұрғылықты жері _____

Жеке басын куәландыратын құжат:
түрі _____, сериясы _____
№ _____ берілген күні _____
_____ берген.

Жария етілетін мүліктің тізбесі	Мүліктің құны (мың теңге)	Орналасқан мекен-жайы
Мүліктің жиынтық құны		

Өтінішке мынадай құжаттарды (атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді) қоса беремін: _____

(күні, айы, жылы) (өтініш берушінің қолы) (өтініш берушінің Т.А.Ә.) _____

(өтінішті қабылдап алған маманның Т.А.Ә. және қолы) _____

(орган басшысының Т.А.Ә. және қолы)

М.О. Өтініш қабылдаған күн:

20 ____ жылғы « ____ » _____

«Қазақстан Республикасының азаматтарына,
оралмандарға және Қазақстан Республикасында
тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың
мүлікті жария етуіне байланысты
рақымшылық жасау туралы» Қазақстан
Республикасының 2014 жылғы 30 маусымдағы
№ 213-V Заңына 2-қосымша

Ақшаны жария ету үшін жинақ шотына
ақшаның салынғанын/аударылғанын
растау туралы анықтама

Анықтама берілген күн

20 ____ жылғы « ____ » _____

Банк/Ұлттық пошта
операторы _____

(Банктің/Ұлттық пошта операторының толық атауы)

Жария ету субъектісі _____

(Т.А.Ә., жеке басын куәландыратын құжат (№, кім және қашан берген),
тұрғылықты жері, ЖСН)

20 ____ жылғы « ____ » _____ жинақ
шотына _____

(цифрлармен және жазумен, валютаның түрі)
сомасында ақша салғанын/аударғанын куәландырады.

Қолы _____

(Банктің/Ұлттық пошта операторының уәкілетті адамы)

Мері _____

(Банк/Ұлттық пошта операторы)